

20. "Орталық депозитарий акцияларының 49 пайызын бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының арасында орналастыру тәртібі мен ережелері туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1996 жылғы 9 қыркүйектегі N 593, Қазақстан

Республикасы Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1996 жылғы 9 қыркүйектегі N 433 және Қазақстан Республикасының Бағалық қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1996 жылғы 9 қыркүйектегі N 98 бірлескен қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 218 нөмірімен тіркелген)...

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Орталық депозитария туралы, бағалы қағаз ұстаушылардың тіркелімін жүргізу қызметі туралы, кастодиаль қызметі туралы Ережені бекіту туралы" 1996 жылғы 29 шілдедегі N 944 Р960944_ Қаулысын орындау үшін, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті және Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы **қаулы етеді** :

Орталық депозитария акцияларын бағалы қағаздар нарығын кәсіпқой қатысушылары арасында орналастырудың беріліп отырған рет-жөні бекітілсін.

Орталық депозитария акцияларының мемлекеттік пакетін бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушылары арасында орналастырудың реті

Осы құжат Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Орталық депозитария туралы, бағалы қағаздар ұстаушылар тіркелімін жүргізу қызметі туралы, кастодиаль қызметі туралы" Ережелерді бекіту туралы" 1996 жылғы 29 шілдедегі N 944 Қаулысына сәйкес жасалған және жарғы қорының 49 проценті мөлшерінде Орталық депозитария акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Депозитарийлар) акцияларының мемлекеттік пакетін орналастыру ретін айқындайды.

2. Сатып алушылар және акционерлер

А) Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының қолданыстағы лицензиялары бар бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушылары-тек заңды тұлғалар Депозитария акционерлері болуы м ү м к і н .

Б) Депозитария акцияларын сатып алушылар:

- бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушылары;
 - лицензиялары тіркеліп немесе қайта тіркеліп жатқан тұлғалар;
 - сату мерзімінен жақын арадағы үш ай ішінде лицензия алмақшы тұлғалар
- б о л у ы м ү м к і н .

В) Акцияларды өткізу "бір кәсіпқой қатысушыға-Депозитарияның бір акциясы" принципімен жүзеге асырылады.

3. Декларация акцияларын өткізудің реті

Депозитария акцияларын өткізу барысы мына ретпен жүзеге асырылады:

- Депозитария акцияларын сатып алу сұранысын айқындау және өтінімдерді т і р к е у ;
- өткізілетін акциялар санын есептеу;
- акциялар өткізу.

4. Депозитария акцияларын сатып алу сұранысын айқындау

Депозитария акцияларын сатып алу сұранысы мына әдіс бойынша а й қ ы н д а л а д ы :

А) Депозитария акцияларының мемлекеттік пакетін өткізу туралы бұқаралық ақпарат құралдарында ресми хабарланғаннан кейін, оларды алуға тілек білдірушілер өтінімдерді қабылдаудың белгіленген мерзімі аяқталғанға дейін, Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы айқындаған, өтінім қабылдайтын орындардың біреуінде, белгіленген үлгімен толтырылған өтінімдерін береді.

Б) Өтінім қабылдайтын орындар қабылдау аяқталғаннан кейін бір апта мерзімде өтінімдерді Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясына беруді қамтамасыз етеді.

5. Өткізілетін акциялар санын есептеу

Есептеудің мақсаты - Депозитарияның айналымға шығарылатын акциялар санын айқындау. Мұнда бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушыларына Депозитария жарғы қорының 49 проценті мөлшерінде акциялардың мемлекеттік пакеті өткізілетін болады.

Бұл үшін Ұлттық комиссия қабылданған өтінімдер санына қарап, акция сатып алушылардың есепті санын айқындайды. Сатып алушылар саны туралы мәлімет Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне беріледі. Ол алынған деректер негізінде құжаттар ресімдейді және Депозитарияның айналымға шығарылған акцияларын көрсетілген құнымен және санымен тіркеуге тапсырады. Мұнда сатып алушылар Депозитария акцияларының 49 процентін иеленеді.

6. Депозитария акцияларын өткізу

А) Айналымға шығарылған Депозитария акциялары тіркелгеннен кейін, бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушыларына өткізуге арналған акциялардың есептік саны Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне өткізіледі. Ол акциялардың айқындалған құнын көрсетіп, өтінім берген жақтарға Депозитария акцияларын алуға шақырту ж і б е р е д і .

Б) Акцияның құны толық төленген кезден ол өткен болып есептеледі. Бұл Депозитарияның бағалы қағаздарын ұстаушылардың тіркелімінде көрсетіледі.

В) Егер өтінім берген жақ үш ай ішінде Депозитария акциясына ақы төлемеген және бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушысының лицензиясын алмаған жағдайда, оның өтінімі жойылады.

7. Депозитария акцияларын бұдан кейінгі өткізу

А) Депозитария акциясын уақытында алмаған немесе сатылып болғаннан кейін қатысқан кәсіпқой қатысушы арыз берген кезіндегі баланстық құнымен Депозитария акциясын алуға құқы бар.

Б) Егер бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушыларына өткізуге жататын акциялар бұған дейін өткізіліп қойған жағдайда, кәсіпқой қатысушылардың Депозитария акцияларын алуға берген кейінгі арыздары мемлекетке тиесілі акцияларды қосымша сату немесе Депозитария акцияларын жаңадан айналымға шығару есебінен қанағаттандырылады. Мемлекетке тиесілі Депозитария акцияларын қосымша сату Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері негізінде жүзеге асырылады. Депозитария акцияларын қосымша айналымға шығару туралы шешім қолданыстағы заңға сәйкес қабылданады.

8. Депозитария акцияларын ұстаушылардың тіркелімі

Депозитария акцияларын ұстаушылар тіркелімін Депозитарияның өзі жүргізіп о т ы р а д ы .

Орталық депозитария акцияларын сатып алуға берілетін

Өтінім

1. Заңды тұлға _____ а т а у ы

2. Ұйымдық-құқықтық тұлғаты _____

3. Тіркелген _____
(тіркелу кезі, куәлік N, орган)

4. ОКПО коды _____

РНН коды _____

5. Бағалы қағаздар нарығындағы кәсіптік қызметі.

Қызмет түрі Лицензия
- тіркеуші - " " _____ N бар
- делдал - тіркеу, қайта тіркеу жағдайында
- кастодиум - ойластырылып отыр

6. П о ч т а м е к е н - ж а й ы :

Елі: _____ Индекс _____

Облысы _____

7. Бірінші басшы _____

(А т ы - ж ө н і)

Бас бухгалтер _____

(А т ы - ж ө н і)

Осы арқылы Орталық депозитария акциясын алуға тілек білдіреміз.
Сатудың шарттарымен және Орталық депозитария туралы Ережемен
таныстық.

Бірінші басшы _____
(қ о л ы)

Бас бухгалтер _____
(қ о л ы) М ө р і

Қол қою парағы қабылданды 1996 ж " " _____

Қол қою парақтарын қабылдау орыны _____

Мөрі

Өкілетті тұлға _____
(а т ы - ж ө н і) (қ о л ы)
(ж ы р т у с ы з ы ғ ы)

(ж а з д ы р ы п а л у ш ы а л а д ы)

Занды тұлға _____
(атауы)

Қол қою парағы қабылданды 1996 ж " " _____

Қол қою парақтарын қабылдау орыны _____

М ө р і

Өкілетті тұлға _____
(а т ы - ж ө н і) (қ о л ы)

